

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Ректор

У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі
(№ 1 хаттама, «28» 08 2024 жыл



КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Қызылорда, 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

- Кіріспе
- 1 Курстық жұмыстар туралы жалпы ережелер
- 2 Курстық жұмыстың құрылымы
- 3 Курстық жұмысқа қойылатын негізгі талаптар
- 4 Курстық жұмысты орындау тәртібі
- 5 Курстық жұмысты қорғау тәртібі

Кіріспе

Қызылорда «Болашақ» университетінің жұмыс оқу жоспарларында пән бойынша білім алушылардың курстық жұмысты жазуы (орындау) қарастырылған.

Бұл әдістемелік нұсқау білім алушылардың курстық жұмысын жазу үшін ережелер мен ұсынылымдар ретінде қолданылады. Сондай-ақ, ол жұмысты орындау барысындағы білім алушылардың міндетін, оларға қойылатын талаптарды және курстық жұмысын қорғаудың тәртібін анықтайды.

Курстық жұмыс білім алушыларды пәнді оқып-зерттеудің теориялық негіздерін өз бетінше зерттеу дағдыларын қалыптастырудың, ережелерді, қорытындыларды, заңдарды терең игерудің, болашақ маманның оның кәсіби қызметіне қажетті білімдерді өз бетінше алу мен жинақтаудың тәжірибесін қалыптастырудың маңызды тізбегі болып табылады.

Курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Типтік Ережесі» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 25.09.2018 №494 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.04.2011ж. №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.10.2018 №563 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 24.12.2020 №539 бұйрығымен өзгерістер енгізілген), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде құрастырылған.

Курстық жұмыстың маңыздылығы - білім алушыларды тек бір тақырыпты немесе проблеманы терең меңгеруге емес, библиографиялық, статистикалық жинақтармен, монографиялармен, зерттеулермен, мерзімді баспа материалдарымен жұмыс жасауға дағдыландырады.

- Курстық жұмысты орындау барысында білім алушы өз бетінше әдебиетпен жұмыс жасауға, таңдап алынған тақырыбы бойынша негізгі ұғымдарды табуға, нақты материалдарды теріп алуға, өңдеуге және талдауға, кестелер мен диаграммалар құрастыруға соның негізінде дұрыс қорытынды жасауға үйренеді;
- Пән бойынша білім алушының білімін тереңдетеді;
 - Білім алушы теориялық проблемаларды талдауда өз ойын айқын, сауатты баяндауға машықтанады;
- Білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына дағдыландырады.

Сонымен қатар курстық жұмысты жазу білім алушыдан жоспарды дұрыс құруды, өзіндік жұмыс істеп үйретуге бағытталған, пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі библиографиялық сілтемелерді дұрыс пайдалануды талап етеді.

1. Курстық жұмыстар туралы жалпы ережелер

- Курстық жұмыс мамандықтардың жұмыс оқу жоспарына сәйкес, оқытушының бақылауымен орындалады;
 - Курстық жұмыстардың тақырыптары кафедра мәжілісінде талқыланып, университеттің жоғары мектеп мәжілісінде бекітіледі, әр оқу жылында қайта жаңаланады, толықтырылады;
 - Кафедрада курстық жұмысты орындауға арналған әдістемелік нұсқау дайындалады. Әдістемелік нұсқауда курстық жұмыстың құрылымы, орындау тәртібі,

курстық жұмыстың тақырыптары мен әдебиеттер тізімі беріледі;

- Кафедрада курстық жұмыстың дипломдық жұмысқа жалғасуы қалыптастырылады;
- Курстық жұмыстың жетекшілерін (пән лекторларын) кафедра меңгерушісі бекітеді;
- Курстық жұмыс университетте немесе басқа мекемелер мен өндіріс орындарында да орындалуы мүмкін;
- Білім алушылар курс жұмысын оқытушының бақылауымен орындайды, орындалған курс жұмысы оқытушыға тапсырылып, талапқа сай жұмыстар Плагиатқа қарсы жүйеде тексеріледі. Дұрыс орындалған жұмыс қорғауға жіберіледі;
- Курстық жұмыс білім алушыға қайтарылып берілмейді, кафедраға тапсырылады.
- Курстық жұмыстар оқу жылының соңына дейін кафедрада сақталып, мұрағатқа өткізіледі.

2. Курстық жұмыстың құрылымы

Курстық жұмыстың құрылымдық бөліктері:

- сыртқы мұқаба
- тапсырма
- мазмұны
- кіріспе
- екі-үш тараудан құралған жұмыстың негізгі мазмұны
- қорытынды
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі
- қосымшалар

Курстық жұмыстың сыртқы мұқабасы А4 форматтағы параққа (қолжазба, компьютерде терілген) №1 үлгіге сәйкес толтырылады. Сыртқы мұқабадағы сөздер мен тақырыптар тасымалданбайды. Соңында нүкте қойылмайды.

Жоспарда кіріспе, тараулар мен тараушалар, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер, қосымшалар көрсетіледі (№2 Үлгі).

Курстық жұмыстың тақырыптары оқу үрдісінің кестесіне сәйкес ағымдағы семестрдің бірінші аптасында беріледі.

Тапсырмада мыналар қарастырылады: курстық жұмысты орындайтын оқу пәні, тобы, студенттің аты-жөні, жұмыс тақырыбы, бөлімдері мен орындау мерзімі; қорғауға ұсыну мерзімі, жетекшісінің аты-жөні, оның қызметі, қолы және тапсырманы берген күні.

Тапсырмалар бөлек қағаздарда орындалады (№3 үлгі). Тапсырмада білім алушы тапсырманы алған күні белгіленіп, қолы қойылады.

ҚР заңнамалық актілерді, оқулықтарды, оқу құралдарын, монографияларды, анықтамалық әдебиеттерді, статистикалық материалдарды, мерзімді баспаларды пайдалануды ұсынылады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, қаралатын негізгі сұрақ мәселелері, жұмыстың алдына қойған мақсаты мен міндеті, теориялық және тәжірибелік мақсаттары қысқаша анықталады. Қандай әдіс-тәсілдерді қолданғанын (бақылау, тәрбие жүргізу, салыстырмалы сараптау т.б.), қандай материалдармен жұмыс жасағанын (әдебиеттер, тыңдалған баяндамалар, оқу құралдары) көрсетеді. Кіріспе ықшамдалып, қысқаша 1-2 бетке жазылып беріледі.

Негізгі бөлімде тақырып жоспар бойынша баяндалады, бұл бөлім бірнеше бөліктерден немесе тараулардан құрылады, онда жұмыста қолданылған әдістер мен материалдар, шешілген проблемалық есептер, ғылыми-теориялық және есептеу-теориялық нәтижелер (мамандық және тақырыпқа байланысты) енгізіледі.

Негізгі бөлімнің көлемі А4 форматтағы компьютерде терілген 20-24 бетті құрайды. Жұмыстың құрылымдық элементтерінің келесі көлемдері ұсынылады: Кіріспе 1-2 бет, қорытынды 1-2 бет, әр тарауға 10-12 бет, пайдаланылған әдебиеттер тізіміне –1 бет.

Қорытынды бөлімінде жоспарда қойылған және негізгі бөлімде жазылған сұрақтардың

түйіндері тұжырымдалады. Қорытынды 1-2 бетке ықшамдалып жазылады.

Жұмыстың соңында қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымша материалдар тіркеледі.

3. Курстық жұмысқа қойылатын негізгі талаптар

Курстық жұмысты орындаушы білім алушы оған қойылатын төмендегі талаптарды білу қажет:

- Зерттелген тақырып жалпы және дербес бөлімдерден жан-жақты, терең теориялық ашылуына басты назар аудару қажет.
- Курстық жұмысты әрбір тараудың негізгі мәселесінің мән-мағынасын анықтаудан және баяндаудан бастау керек.

Мән-мағынаны баяндау дәлелді, ғылыми негізделген және түсінікті болуға тиісті.

Теориялық жағдайлар және қорытындылар шындықтың нақты материалына сүйену, ал фактілер мен үлгілер кездейсоқ емес, әдеттегі болу керек.

Курстық жұмыс материалы логикалық жүйелі түрде баяндалады, сондықтан оның тақырыбын толық ашу үшін білім алушы:

- оған қатысты өкімет қаулылары, ҚР Президентінің жарлықтары;
- осы мәселеге арналған отандық және шетелдік ғылыми жұмыстарды оқып білуге;
- мерзімді басылымдағы мақалаларды зерттеуге тиісті.

Жазбаша түрде материалды сауатты түрде баяндау - курстық жұмысты орындау мен білімді қалыптастырудағы маңызды кезең. Өзіндік ақпарат жинау тәсілдерін игергеннен кейін білім алушы біліміне өзіндік бақылау ұйымдастыру қажет, яғни таңдаған тақырыптың жоспарының мәселелерін логикалық жүйелі түрде ашу керек.

Өзіндік шығармашылық сипатта баяндау қажет дегеніміз – білім алушы жоспарының әрбір мәселесін өзі ойлаған схемаға сәйкес, цитаталарды дұрыс қолданып, оларды түсініктеме және мәтінде шамадан тыс асырмай, бір-бірімен логикалық байланысы жоқ үзінділер келтірмеуге және талдаған теориялық жағдайларды практикалық қызметпен байланыстыруға тиісті. Курстық жұмыс жақсы әдеби тілмен жазылу қажет. Терминдер, шартты белгілер мен қысқартудың жалпы орныққан белгілерін қолдану қажет.

4. Курстық жұмысты орындау тәртібі

Курстық жұмыстарды орындауды төмендегі кезеңдерге бөлген жөн:

- тақырып таңдау
- әдебиет жинақтау және оны зерттеу
- нақты стилистикалық материалды жинау және өңдеу
- жұмысты жазу
- курстық жұмысты рәсімдеу
- курстық жұмысты қорғау

Кафедра ұсынған тақырыптар арасынан білім алушы өзіне тақырып таңдау қажет, кей жағдайда кафедра тізіміне еңбеген тақырыпты білім алушы өзі ұсынуға құқылы.

Кафедра тақырып тізімін құрастырғанда, оның оқу әдебиетімен сәйкес келуін қадағалайды, білім алушыны жұмыстың мағынасын ашуда, методологиясын анықтауда өзіндік жұмысқа бағыттау қажет.

Тақырып тізімін дайындауда, оқу тобында бір тақырыпты тек қана бір білім алушы орындауын ескеру қажет.

Тақырып таңдағаннан кейін білім алушы әдебиеттер тізімін дайындап, оны оқуы қажет. Ол жұмысты кафедра ұсынған осы пәннің жұмыс бағдарламасында көрсетілген әдебиетті зерттеуден бастауы керек.

Мерзімді баспа материалын оқуда соңғы жылдары жарық көрген және курстық жұмыс мәселелерін толығырақ ашатын еңбектерден бастау дұрыс, ал кейін алдыңғы басылымдарға

өту қажет.

Әдебиетті жинап, оқып болғаннан кейін білім алушы курстық жұмыстың жоспарын дайындайды. Жоспар жұмыстың негізгі мәселелерін толық ашу керек, курстық жұмыстың құрылымына сай болуы керек. Жоспар құрылғаннан кейін, оны жетекшісімен бірлесіп отырып бекітуі қажет.

4.1 Курстық жұмысты рәсімдеу

Негізгі бөлімнің көлемі А4 форматтағы компьютерде терілген 20-24 бетті құрайды. Пайдаланылған әдебиеттер саны 15-тен кем болмауы тиіс.

Курстық жұмыстың терілуінің талаптары:

Курстық жұмыс стандартты А4 қағазға шығарылады;

Сол жағынан - 30 мм, оң жағынан – 10 мм, жоғары және төменгі жағынан - 20 мм қалдырылады.

Барлық цитаталар мен сандық көрсеткіштерге, деректерге сілтеме берілуі керек.

Курстық жұмыс беттеріне рет саны қойылуы қажет, әрбір тарау жаңа беттен жазылады.

4.2 Мәтін, кесте, графикалық материалды рәсімдеу тәртібі

Курстық жұмыстың негізгі бөлімі зерттеу тақырыбының мағынасына байланысты мәтін, иллюстративті материал, кесте сурет т.б. ретінде баяндалуға тиісті.

Тақырып. Тарау атауы мағынасына сай болуы қажет. Оны парақтың ортасына нүкте қоймай орналастыру қажет.

Кестелер. Кесте үлгісі бірқатар белгілері бойынша немесе бір-бірнеше объектілерді сандық және сөздік ақпаратты баяндау үшін қолданылады. Көрсеткіштерді салыстыру үшін көрнекі түрінде де қолданылады. Кестені жұмыс барысында мәтіннен кейін орналастыру қажет. Барлық кестелерге сілтеме беруі тиіс. Кесте араб сандарымен белгіленеді.

Кестені басқа бетке ауыстырған жағдайда, оның атауы тек бірінші бетке ғана түсіріледі, ал келесі бетке сол жағындағы бұрышына “кестенің жалғасы” деп көрсетіледі.

Иллюстрациялар. Иллюстративтік материал (график, схема, диаграммалар) зерттеу объектісінің ерекше сипатын көрсету үшін немесе мәтінді жақсы түсіну үшін қолданылады.

Қажетті ақпарат беретін иллюстративтік материал мәтіннен кейін немесе қосымша бетте көрсетіліп, оған сілтеме беріліп “сурет” деген сөзбен белгіленеді.

Олар конструкциялық құжаттардың біртұтас жүйесінің талаптарына сай болуы керек.

Иллюстративтік материалдың тақырыптық атауы болуы керек. Олар конструкциялық құжаттардың біртұтас жүйесінің талаптарына сай болуы керек.

4.3 Беттердің рет саны

Курстық жұмыс беттері араб сандарымен төменгі жағының ортасына белгіленеді.

Титулдық бетті жұмыстың жалпы нумерациясына енгізеді, онда рет саны қойылмайды.

4.4 Қосымшалар

Қосымшаларды жұмыстың жалғасы ретінде береді, оны мәтіндегі сілтеме бойынша ретімен келтіреді. Әрбір қосымшаның тақырыбы болуы керек.

4.5 Сілтемелер мен қолданылатын деректерге қойылатын жалпы талаптар

Тізім және сілтемелерді мемлекеттік стандартқа сай қолдану керек.

Шет тілдегі әдебиет сол тілде орфографиялық нормаларына сай көрсетіледі.

4.6 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Курстық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі 15-тен кем болмауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі соңғы 10 жылда шығарылған әдебиеттерден тұруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылған талаптарға сәйкес рәсімделеді.

Курстық жұмыста пайдаланылған еңбектер нөмірленіп, толық және белгілі жүйемен, ретпен орналастырылады және жұмыстың мәтінінде беріледі.

Курстық жұмыста келесі әдебиет көздері қолданылуы мүмкін:

1. ҚР Заңдары, ҚР Президентінің Жолдауы, Үкіметтің ресми құжаттары;
2. Оқулықтар, оқу құралдары т.б.;
3. Ғылыми еңбектер, монографиялар, ғылыми мақалалар;
4. БАҚ материалдары, Интернет желісіндегі ғылыми басылымдар;
5. Диссертациялар мен авторефераттар;
6. Архив және мұражай материалдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде осы көрсетілген барлық тарауларда пайдаланылған әдебиеттер жалпы бірыңғай реттік нөмірмен беріледі. Мысалы: 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999 ж. -293 б.

Ал егер осы әдебиет екінші рет пайдаланылса мәтіннің ішіне [1, 297 б.] немесе [1, 297- 298 бб.] деп көрсетіледі.

Газет, журналдарда т.б. сол сияқты мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар төмендегіше көрсетіледі: автордың аты-жөні, мақаласының аты, газет немесе журналдың аты, шыққан жылы, айы, күні немесе нөмірі. Мысалы: Мырзахметов М. Ақын мұрасының зерттелуі. // Социалистік Қазақстан, 1971 ж. 29 мамыр.

Егер білім алушы диссертациялық, диплом жұмыстарды пайдаланса, олардың жазылуы төмендегіше болады:

- автордың аты-жөні;
- жұмыстың аты;
- жұмыс қорғалған қаланың аты;
- жұмыстың қорғалған орны (мекеме), жылы. Мысалы: Бекмырза С. Абайдың ақын

шәкірттері Мұхтар Әуезов творчествосында. (Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық жұмыс). - Алматы: М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 1998 ж.

Бір автордың әр түрлі томдарына сілтеме жасағанда жеке нөмірмен бөлек көрсетіледі. Мысалы: Құнанбаев Абай (Ибраһим). Екі томдық шығармалар жинағы. Т.1. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1977 ж.

Архив немесе кітапхана қоры болса: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты, 1142-қор, 1-тізбе, 795-іс; 11-16 бб.

Web сайттар пайдаланылса: Автордың аты-жөні, еңбектің атауы, web сайттар. Мысалы: Бұрханов К.Н. Саяси даму. www.stat.gov.kz

4. Курстық жұмысты қорғау тәртібі

- Курстық жұмысты қабылдау кестесі емтихан сессиясының басталуынан екі апта бұрын бекітіледі.

- Білім алушы орындаған курстық жұмысын жетекшісіне тексерту үшін тапсыру керек.

- Егер жұмыс қорғауға жіберілмесе, білім алушы көрсетілген ескертулерді қарап, оны өңдеп болған соң кафедраға қайта ұсынады.

- Егер жұмыстың өзіндік сипаты болмаса немесе басқа авторлардан, деректерден көшірілсе, қойылатын мәселелердің мән-мағынасы толық ашылмаса қорғауға жіберілмейді.

- Антиплагиат жүйесінің талаптарына сай курстық жұмыстарға анықтамалар беріледі.

Анықтама нәтижесіне байланысты ғылыми жетекшінің ұсынысымен қорғауға жіберіледі.

- Курстық жұмысты ғылыми жетекшісінің қатысуымен, жоғары мектеп деканының өкімімен бекітілген комиссия қабылдайды.

- Комиссия отырыстары хаттамаға (үлгі №4) түсіріледі, комиссияның төрағасы, мүшелері қол қояды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS ке аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Курстық жұмысты тапсырмаған білім алушы курстық жұмыс жоспарланған пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

Курстық жұмысты белгілі себептермен орындамаған және қорғауға жіберілмеген білім алушылар емтихан-сессия аяқталған соң қайта қорғауға жіберіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
_____ жоғары мектебі
_____ кафедрасы

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Пәннің коды, атауы: _____

Тақырыбы: _____

Ғылыми жетекшісі: _____
(ғылыми атағы, аты-жөні)

Орындаған: _____
(оқу тобы) (білім алушының аты-жөні)

Курстық жұмыс қорғалды «__» _____ 20__ ж. _____
(бағасы)

Комиссия төрағасы: _____
(қолы)

ЖОСПАР

Кіріспе

1 (тарау атауы)

1.1 (тарауша атауы)

1.2 (тарауша атауы)

2 (тарау атауы)

2.1 (тарауша атауы)

2.2 (тарауша атауы)

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Қосымшалар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
 _____ жоғары мектебі
 _____ кафедрасы

«Бекітемін»
 Жоғары мектеп деканы

ТАПСЫРМА

Пәні: _____ Білім алушы: _____ Тобы: _____

Жұмыстың тақырыбы: _____

№	Тараулар атауы	Орындалу уақыты	Орындалуы туралы белгі
Кіріспе			
1	Тарау атауы		
1.1			
1.2			
2	Тарау атауы		
2.1			
2.2			
Қорытынды			
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі			
Қосымшалар			

Тапсырма берілген күн: « _____ » _____ 20__ ж.

Курстық жұмыстың жетекшісі: _____
 (аты-жөні)

Курстық жұмыстарды қорғау кестесі

«Бекітемін»

жоғары мектебінің деканы

«___» _____20__ж.

№	Пән атауы	Оқу тобы	Күні	Уақыты	Дәрісхана	Жетекшісі	Комиссия мүшелері
_____ шифры, білім беру бағдарламасының атауы							
1							
2							
3							
_____ шифры, білім беру бағдарламасының атауы							
1							
2							
3							
_____ шифры, білім беру бағдарламасының атауы							
1							
2							
3							
_____ шифры, білім беру бағдарламасының атауы							
1							
2							
3							

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ
_____ жоғары мектебі
_____ кафедрасы

Курстық жұмысты қорғау комиссиясының №_____ хаттамасы

«___» _____ 20___ жыл

Пәні: _____

Білім алушы: _____ Оқу тобы: _____
(аты-жөні)

Курстық жұмыстың тақырыбы: _____

Білім алушыға қойылған сұрақтар:

1. _____
2. _____
3. _____

Курстық жұмыстың бағасы: _____

Төраға:	_____	_____
	(Қолы)	(Аты-жөні)
Комиссия мүшелері:	_____	_____
	(Қолы)	(Аты-жөні)
	_____	_____
	(Қолы)	(Аты-жөні)
Хатшы:	_____	_____
	(Қолы)	(Аты-жөні)